

Бағалы қағаздар ұстаушылардың тізілімін жүргізу жөніндегі қызмет көрсету туралы шарт бұзылған (қолданылуы тоқтатылған) жағдайдағы тіркелушілердің іс-әрекеттері туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі Ұлттық комиссиясы Директоратының қаулысы 2001 жылғы 28 мамырдағы N 835. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2001 жылғы 10 шілдеде тіркелді. Тіркеу N 1570. Күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 13 қазандағы N 276 қаулысымен.

-----Қаулыдан үзінді-----

Нормативтік құқықтық актілерді "Бағалы қағаздар рыногы туралы" және "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының Заңдарымен сәйкестендіру мақсатында Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігінің Басқармасы
Қ А У Л Ы **Е Т Е Д І :**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулы қабылданған күннен бастап қолданысқа енеді...

Төраға

*Бағалы қағаздар рыногы
мәселелері бойынша
Қазақстан Республикасының
кейбір нормативтік құқықтық
актілерінің күші жойылды
деп тану туралы" Қазақстан
Республикасының Қаржы
нарығын және қаржы ұйымдарын
реттеу мен қадағалау жөніндегі
агенттігі Басқармасының
2004 жылғы 13 қазан*

N 276 қаулысына қосымша

*Қазақстан Республикасының күші жойылды деп танылған
кейбір нормативтік құқықтық актілерінің тізбесі*

4. Қазақстан Республикасының Ұлттық комиссиясы Директоратының "Бағалы қағаздар ұстаушылар тізілімін жүргізу жөніндегі қызмет көрсету туралы шарт бұзылған (қолданылуы тоқтатылған) жағдайдағы тіркеушілердің іс-қимылы туралы" 2001 жылғы 28-мамырдағы N 835 қаулысы (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1570 тіркелген, "Қазақстанның бағалы қағаздар рыногы" журналының "Рынок және құқық" қосымшасында 2001 жылы N 5 (12) жарияланған).

Бағалы қағаздар рыногындағы инвесторлардың құқықтарын және заңмен қорғалатын мүдделерін қорғау мақсатында, Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 13 қарашадағы N 3755 U973755_ жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы туралы ереженің 4-тармағының 17), 23) және 36) тармақшаларына сәйкес Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының (бұдан әрі "Ұлттық комиссия" деп аталады) Директораты

Қ А У Л Ы Е Т Е Д І :

1. Осы Қаулыда пайдаланылған ұғымдар мынаны білдіретіндігі белгіленсін:

1) "Ішкі ережелер" - акционерлік қоғамның "Акционерлік қоғамдар туралы" Z980281_ Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 10 шілдедегі заңының 35-бабы 2-тармағының негізінде өз акцияларын ұстаушылардың тізілімін дербес жүргізуге құқылы болатын, оның акцияларын ұстаушылардың тізілімін қалыптастыру, жүргізу және сақтау тәртібін айқындайтын нормативтік актісі;

2) "Шарт" - бағалы қағаздар ұстаушылардың тізілімін жүргізу жөніндегі қызмет көрсету туралы шарт;

3) "тіркеуші" - Ұлттық комиссияның тиісті лицензиясының негізінде бағалы қағаздар ұстаушылардың тізілімін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйым;

4) "Бағалы қағаздар" - ұстаушыларының тізілімін Шартқа сәйкес тіркеуші жүргізіп отырған немесе жүргізген бағалы қағаздар;

5) "Бағалы қағаздардың эмитенті ("эмитент") - Шарттың тарабы болып табылатын немесе табылмайтын Бағалы қағаздар эмитенті.

2. Егер Шартта оның қолданылу мерзімі белгіленген жағдайда, осы Шарттың тарабы болып табылатын тіркеуші оны қолдану тоқтатылатын күнге дейін кемінде он күн бұрын кешіктірмей бұл туралы мыналарды хабардар ету керек екендігі белгіленсін:

1) осы тіркеушінің бас кеңсесінің және филиалдарының үй-жайларында олар үшін қолайлы орындарда тиісті хабарландырулар орналастыру, оның хабарлар (осындайлар бар болған кезде) каталогтеріне (жинақтарына) тиісті ақпарат енгізу арқылы және Шартта, осы тіркеушінің нормативтік актілерінде немесе осы

тіркеуші мүшесі болып табылатын бағалы қағаздар рыногының өзін-өзі реттейтін ұйымының қағидаларында белгіленген өзге де тәсілдер арқылы бағалы қағаздар ұстаушыларды ;

2) мазмұнындағы ақпаратты Бағалы қағаздар ұстаушылар болып табылатын өзінің барлық клиенттерінің назарына жеткізу қажеттілігін көрсете отырып тиісті жеке жазбаша хабарларды осы тармақтың 1) тармақшасында белгіленгенге ұқсас тәртіпте жіберу арқылы бағалы қағаздардың нақтылы ұстаушыларын.

3. Өзімен жасасқан Шарттың бұзылатындығы жөнінде белгілі болған (оны бұзуға өзі бастамашы болғандығы не Бағалы қағаздардың эмитентінен Шартты бұзу туралы ескертпе алуы күшінде) тіркеуші осындай оқиға туындаған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде Шарттың бұзылатындығы туралы Бағалы қағаздар ұстаушыларын (оның ішінде нақтылы ұстаушыларды) осы Қаулының 2-тармағы 1) және 2) тармақшаларында белгіленген тәртіпте жазбаша ескертуге міндетті екендігі белгіленсін.

4. Шарт бұзылған (қолданылуы тоқтатылған) кезде оның тарабы болып табылатын тіркеуші (бұдан әрі "бұрынғы тіркеуші" деп аталады) Бағалы қағаздар ұстаушылардың тізілімін құрайтын құжаттарды және электрондық деректер массивін (Бағалы қағаздар ұстаушылардың бастапқы тізімі, Шартты қолдану кезеңінде Бағалы қағаздар ұстаушылар тізілімінде олармен жүргізілген операцияларды тіркеу журналы және Шартты бұзу күні жағдайы бойынша Бағалы қағаздар ұстаушылардың жазбаша түрде ресімделген тізімі) тек қана тиісті түрде уәкілетті тұлғалар қол қойған қабылдау-өткізіп беру актісі бойынша және тек қана мыналарға беруге құқылы екендігі белгіленсін:

1) басқа тіркеушіге (бұдан әрі "жаңа тіркеуші" деп аталады) - жаңа тіркеушінің Бағалы қағаздардың эмитентімен жасасқан Шарттың нотариалды куәландырылған көшірмесін немесе осы Шарттың нөмірін және күнін көрсете отырып жаңа тіркеушінің оның Бағалы қағаздардың эмитентімен Шарт жасасқандығы туралы жазбаша ескертпесін ұсынуы бойынша;

2) Бағалы қағаздардың эмитентіне (акциялардың Бағалы қағаздар болып табылуы, ал эмитент "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 10 шілдедегі заңының 35-бабы 2-тармағының негізінде өз акцияларын ұстаушылардың тізілімін дербес жүргізуге құқылы болатындығы шартымен) - мыналарды ұсынуы бойынша:

Шарт Бағалы қағаздар эмитентінің бастамасы бойынша бұзылған жағдайда - эмитенттің тіркеушіні таңдауға уәкілеттік берілген органының Шартты бұзу туралы шешімінің көшірмесін;

Бағалы қағаздар эмитенті акционерлерінің Ішкі ережелерді бекіту туралы шешім қабылданған жалпы жиналысы хаттамасының көшірмесін; эмитенттің оның акцияларын ұстаушылардың тізілімін жүргізу жөніндегі

функцияларды атқару жүктелген қызметкеріне Ұлттық комиссия берген, қолданылып жүрген екінші санатты біліктілік куәлігінің нотариалды куәландырылған көшірмесін;

осы тармақшаның төртінші азатжолында көрсетілген қызметкердің шын мәнінде Бағалы қағаздар эмитентімен еңбек қатынастарында тұратындығын және оған осы эмитенттің акцияларын ұстаушылардың тізілімін жүргізу жөніндегі функцияларды атқару жүктелгендігін растайтын құжаттарды.

5. Осы Қаулының 4-тармағы 2) тармақшасының төртінші азатжолына сәйкес көшірмесін Бағалы қағаздар эмитенті ұсынған біліктілік куәлігінің анықтылығын тексеру мақсатында бұрынғы тіркеуші жазбаша сұраумен Ұлттық комиссияға жүгінуге құқылы және осы куәлік бойынша Ұлттық комиссияның оң қорытындысын алғанға дейін Бағалы қағаздар ұстаушылардың тізілімін құрайтын құжаттарды және электронды деректер массивтерін Бағалы қағаздар эмитентіне бермеуге құқылы екендігі белгіленсін.

6. Бағалы қағаздар ұстаушылардың тізілімін құрайтын құжаттарды және электронды деректер массивтерін беру кезінде бұрынғы және жаңа тіркеушінің немесе - егер Бағалы қағаздар ұстаушылардың тізілімін құрайтын құжаттар және электронды деректер массивтері олардың эмитентіне берілсе - бұрынғы тіркеушінің және Бағалы қағаздар эмитентінің өзара келісімі бойынша, бұзылған (қолданылуы тоқтатылған) Шарттың қолданылу кезеңінде негізінде Бағалы қағаздар ұстаушылардың тізілімінде олармен операциялар жүзеге асырылған құжаттардың көшірмелерін бұрынғы тіркеуші жаңа тіркеушіге (Бағалы қағаздар эмитентіне) қосымша бере алады.

7. Бұрынғы тіркеушіге осы Қаулының 4-тармағына сәйкес ұсынылған құжаттар оның өзінде қалатындығы белгіленсін.

8. Құжаттар және Бағалы қағаздар ұстаушылардың тізілімін құрайтын электронды деректер массивтері берілген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде бұл туралы мыналарды хабардар етуге бұрынғы тіркеушінің міндетті екендігі белгіленсін:

1) осы Қаулының 2-тармағы 1) және 2) тармақшаларында белгіленген тәртіпте Бағалы қағаздардың ұстаушыларын (оның ішінде нақтылы ұстаушыларын);

2) мазмұнында Бағалы қағаздар эмитентінің атауы туралы, Бағалы қағаздар ұстаушылардың тізілімін құрайтын құжаттар және электронды деректер массивтердің кімге (жаңа тіркеушіге немесе Бағалы қағаздар эмитентінің өзіне) берілгендігі туралы және бұрынғы тіркеушінің Шарттың бұзылуына байланысты қолданған әрекеттері туралы деректер бар жазбаша хабар жіберу арқылы Ұлттық комиссияны.

9. Осы Қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркелген күнінен бастап он бес күннен кейін қолданысқа енгізілетіндігі белгіленсін.

10. Тіркеушілер осы Қаулы қолданысқа енгізілген күннен бастап алпыс күн ішінде Шарттарды қолдану тоқтатылған жағдайда тіркеушілердің әрекеттері реттелетін өздерінің ішкі нормативтік актілерін осы Қаулыда белгіленген нормаларға сәйкес келтіру мақсатында аталған актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізуге міндеттелсін.

11. Тіркеушілерге олар қызмет көрсететін бағалы қағаздар эмитенттерінің назарына осы Қаулыны (ол қолданысқа енгізілгеннен кейін) жеткізу жөніндегі м і н д е т жү к т е л с і н .

12. Ұлттық комиссия орталық аппаратының Лицензиялау және қадағалау д е п а р т а м е н т і :

1) осы Қаулыны (ол қолданысқа енгізілгеннен кейін) бағалы қағаздар ұстаушылардың тізілімін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын және " Қазақстан Тізілім ұстаушылар Қауымдастығы" заңды тұлғалар бірлестігінің мүшелері болып табылмайтын ұйымдардың назарына жеткізсін;

2) осы Қаулының орындалысына бақылау жасасын.

Ұлттық комиссияның Төрағасы